FARABI · KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY · 1934

# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №11 (1924) 26 НАУРЫЗ 2024 ЖЫЛ




**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ұтылмайды

**«Адал адам – адал еңбек – адал табыс». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында осы міндеттерді барша қауымға жүктей отырып, қоғамдық құндылықтарды жаңғырту үшін маңызды қадамдар жасалатынын жеткізді.**

Ұлт сапасын жақсартамыз десек, жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажеттігін алға тартты. Жаңа құндылықтар бастауына ең алдымен адал азаматтарды қойып, адал еңбек етіп, адал табыс табуға шақырды. Өйткені қай заманда болсын адам – еңбегімен көрікті, адалдығымен ардақты. «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі», – дейді Абай.

Президент қазір той тойлап, арқаны кеңге салып жүретін уақыт емес екенін үнемі жадымызға салып, назарында ұстайды. Әйтсе де ұлттың тарихына, елдің өткеніне тікелей байланысты атаулы сәттерді ұмыт қалдыруға болмайтынын да естен шығарған емес.

Жалғасы 2-бетте

# Ректор халықаралық форумда баяндама жасады

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Сиань қаласында өткен Жібек жолы университеттері альянсының форумына қатысты.**



Халықаралық форумға Қытай ЖОО-ларының және Иран, Пәкістан, Орталық Азия университеттерінің өкілдері жиналды. Шара барысында цифрлық оқу жүйесінің заманауи трендтері тақырыбы талқыланып, жоғары оқу орындарындағы тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру жұмыстары айтылды.

Форумның ашылу салтанатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев баяндама жасады.

«Сиань қаласында өтіп жатқан форум Орталық Азия елдеріндегі ЖОО арасындағы байланысты арттыратынына сенімдімін. Бүгінде ҚазҰУ-да тұрақты даму мақсаттарының барлық бағытын жүзеге асыру және дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде. Университет ТДМ бойынша БҰҰ ауқымды хабы болып табылады. Оқу ордасының базасында ЮНЕСКО кафедрасы жұмыс істейді. Сонымен қатар алдағы уақытта ҚазҰУ-да Тұрақты даму және табиғатты тиімді пайдалану ғылыми орталығы ашылады», – деді ректор.

Форум қорытындысы бойынша университет ректорлары тұрақты даму мақсаттары бойынша онлайн курстар өткізу туралы келісімге қол қойды.

Сиань қаласында жұмыс сапары барысында Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Шеньси облыстық және Сиань қаласының бас прокурорының орынбасарларымен және Цзяотун университетінің басшылығымен кездесу өткізді. Жүздесуде тараптар ғылым мен білім және ортақ оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша келіссөздер жүргізді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# ҚХР университетінде ҚазҰУ күні өтеді

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Сиань қаласына жұмыс сапары барысында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің президенті Сун Баовеймен кездесу өткізді.**

Жүздесуде тараптар серіктестікті арттыру және ҚазҰУ базасындағы СБПУ филиалының жұмысын одан әрі дамыту бойынша өзара пікір алмасты.

Кездесу барысында Солтүстік-батыс политехникалық университетінің президенті Сун Баовей ҚазҰУ-дағы СБПУ филиалы Қытайдың Қазақстанда ашылған алғашқы филиалы екенін атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ілтипат білдіргені үшін Сун Баовей мырзаға ризашылығын жеткізіп, филиалдың білім беру бағдарламаларын жетілдіру, білікті техник мамандарды даярлау, оқытушылардың өзара тәжірибе алмасуын жүзеге асыру жөнінде бірқатар ұсынысын айтты.

Кездесу қорытындысы нәтижесінде тараптар 2024 жылы қабылданатын магистранттар санын 60-қа, докторанттар санын 15-ке жеткізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ ағымдағы жылы ортақ халықаралық ғылыми конференция өткізуге, бірлесіп ғылыми жұмыстар жинағын «Қазақ университеті» баспасынан шығаруға, ғылыми зертхана құруға уағдаласты. Тараптар кездесу барысында алдағы уақытта ғылым, спорт, мәдениет, өнер бағытында ҚазҰУ-да СБПУ күнін өткізуге және СБПУ-да ҚазҰУ күнін өткізуге келісті.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**



3-бет
Ұлттық құндылықтарға жіті назар аударылды



4-бет
Ғалым әулетінің ғибраты



5-бет
Еңбектерін қазақша жазған жапон оқытушысы





**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,**
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

# Ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ұтылмайды

Соңы. Басы 1-бетте

Солардың ішінде ұлан-ғайыр жерімізді сақтап, бүгінгі ұрпаққа аманаттаған Жошы ханның ел тарихындағы орны бөлек. Сондықтан Жошы ұлысының 800 жылдығы қарсаңында ғылыми-зерттеу институтын құру туралы бастама көтерді. Алтын Орданың тарихы және әйгілі тұлғалары туралы көпсериялы деректі фильм түсіруді тапсырды. Қазақстанның 7 томдық жаңа академиялық тарихын жазу үшін 250-ден астам ғалым, соның ішінде 60 шетелдік маман жұмылдырылғанына тоқталды. Реті келіп тұрғанда айта кету керек, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 70 жылдан астам уақыт мамандар даярланып, археология, этнология және музеология, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану салаларын сараптап келе жатқан кәсіби тарихшылар мектебі қалыптасқан. ҚазҰУ ғалымдары жоғарыда аталған академиялық тарихи жинаққа белсене атсалысып отыр. Мәселен, ІІ томға академик Болат Көмеков жауапты редактор болса, ІV томға академик Берекет Кәрібаев пен тарих ғылымының кандидаты Меңдікүл Ноғайбаева, V томға тарих ғылымының докторы, профессор Гүлмира Сұлтанғалиевалар қатысып отыр. Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, академик Берекет Кәрібаев Жошы ұлысы туралы 10 дерек әзірледі. Деректе Жошы ұлысына қатысты айтулы даталар, тарихи оқиғалар, ұлысты басқарған хандар мен маңызды кезеңдер қамтылған. Мына сәйкестікті қараңыз, Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өткен Атырауға әйгілі Сарайшық қаласы тиіп тұр. Бұл Жошы ұлысы – Жошының әкесінен басқаруға алған иелік жерінің атауы болса, оның астанасының бірі – осы Сарайшық қаласы. Міне, бұл Жошы ұлысы туралы 10 деректе айқын көрсетілген.

Университеттің «Farabi media» телестудиясы Жошы ұлысының құрылуы туралы тарихи бағдарлама дайындап, сол кезеңдегі тарихи оқиғалар мен ұлысты басқарған хандар жайында әңгіме өрбітілді. Сәуір айында тарих факультетінің ұйымдастыруымен «Қазақ мемлекеттілігінің қайнар бастаулары: Жошы ұлысына – 800 жыл» атты дөңгелек үстел өткізіледі. Жиында XIII-XIV ғасырлардағы Жошы ұлысының тарихына қатысты жазба деректер мен археологиялық материалдар талданады. Еліміздің шығысындағы Қойлық қаласынан батыстағы Хаджи тарханға дейінгі ұлан-ғайыр аумаққа билік жүргізген Жошы ұлысының этносаяси, этногенетикалық тұрғыдан зерттелуінің маңыздылығы қарастырылады. Ұлыс мәдениеті кейінгі Қазақ хандығының әдебиетіне, мәдениетіне, тарихына қалай әсер еткені ғылыми-сараптамалық тұрғыдан пайымдалады.

Мемлекет басшысы елімізде кәсіби археологтер тапшы екенін айтып өтті. Бастауында Әлкей Марғұлан тұрған қазақ археология мектебінің негізі өткен ғасырдың 40-жылдары қаланды. Бұл салада Әбдіманап Оразбаев, Кемел Ақышев, Хасан Алпысбаев, Мир Қадырбаев, Сержан Ақынжановтардың еңбегі зор. Дегенмен кең-байтақ даламызда құпиясын ішіне бүгіп жатқан небір тарихи орындарымыз бар екені рас. Осы құпияның сырын ашу үшін бізге мықты мамандар қашан да керек. Қазіргі таңда Қазақ ұлттық университетінде археология саласына үлкен мән беріліп отыр. 2022 жылы Археология және антропология ғылыми-зерттеу институты құрылды. Екі ғылыми жоба үш жылдық қазба жұмысын аяқтаса, тағы екі жоба жалғасуда. Одан бөлек, Алматы, Жетісу облыстарының мәдениет басқармаларымен келісімшарт негізінде жұмыстар атқарылуда. ҚазҰУ-дың Археология және антропология ғылыми-зерттеу институтында төрт зертхана бар. Биылғы мамыр айында Францияның Орталық Азияны зерттейтін археозоологиялық орталығының халықаралық зерттеу зертханасы біздің университетімізде ашылмақшы. Қазіргі таңда келісімшарт жасалып, дайындық жұмыстары жүргізілуде.

### ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ – ХАЛЫҚ ҚОЛДАЙТЫН БАСТАМА

Түркістанда өткен екінші құрылтайда Президент мемлекеттік нышандарды жетілдіру, ұлтымыздың тарихи сана-сезімін жаңғырту, мәдени мұрамызды жан-жақты дәріптеу, өскелең ұрпақтың тәрбиесі, шекаралас аймақтарды дамыту сияқты бағыттарға баса назар аударған болатын. Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылдан бастап Наурыз мерекесін кең ауқымда атап өтудің жаңа тұжырымдамасы қабылданды. Көрісу күні – Амал мейрамынан бастап, Ұлыстың ұлы күніне дейінгі әр күнге арнайы атау беріліп, қайырымдылық пен мәдени-танымдық іс-шараларды қамтитын «Наурызнама» онкүндігі жарияланды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бұл бастамаға айрықша қолдау көрсетіп, атаулы күндерге айрықша маңыз беруде.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев құрылтай мінберінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейте түсу мемлекеттік саясаттың басты бағыты екенін нықтап айтты. Президент: «Елімізде қазақ тіліне деген сұраныс жыл өткен сайын артып келеді. Қазақ тілі бизнестің, ғылым мен техниканың тіліне айнала бастады. Бұл үрдісті одан әрі дамытудың ең тиімді әрі төте жолы – ағартушылық», – деп атап өтті.

Қазақ тілін ғылым мен техниканың, бизнестің тіліне айналдыру үшін ғалымдарымыз бірнеше жыл сарп етуі мүмкін. Өйткені тұтас ғылымды азғантай уақыттың ішінде қазақыландыру мүмкін емес. Жұмыс асығыс іске асса, нәтижесі жұрт күткендей болмай қалуы да ықтимал. Осы уақытқа дейін өзге тілде қолданылып келген техникалық терминдердің қазақша баламасын табу жеңіл шаруа емес. Күні бүгінге дейін аударылып келген терминдердің кейбірі қолданысқа қиындықсыз еніп кетсе, енді бірі әлі қайта қарауды талап етуде. Сондықтан бұл іске жан-жақты талдау-сараптама, терең зерттеу керек.

Дегенмен соңғы жылдары еліміздің ағартушылық саласында оң өзгерістер жоқ емес. Кезінде экономиканың қаржы, бизнес, инновация, менеджмент салалары бойынша шет тілінен біршама оқулықтар аударылып, еліміздің жоғары оқу орындарына, кітапханаларға таратылды. Қазір біздің білім алушылар осы кітаптармен, оқулықтармен білім алуда. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары осындай серпінді жобаларды қолдап-қуаттауға қашанда дайын. Президентіміздің кітап оқитын ұлтқа айналу идеясын, бейнелеп айтқанда, «бесіктегі баладан – еңкейген қарияға» дейін қолдауы керек. Оның себебін өздеріңіз де білесіздер, кітап оқыған ұлт ешқашан көш соңында қалмайды. Мемлекет басшысы екінші құрылтайда да кітап пен кітапхана мәселесін көтерген еді. Көптеген әлем елдерінде тәулік бойы жұмыс істейтін кітапханалардың барын, оларды көргенде қызығатынын, сондай заманауи кітапханаларды Алматы мен Астанадан салу жөніндегі ойын тағы бір мәрте ортаға салды. Президентіміз алқалы жиында бұл бастаманың көп ұзамай жүзеге асатынына сенім білдірді.

Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасы түнгі сағат 10-ға дейін жұмыс істейді, 2,5 миллионға жуық кітап қоры бар. Жыл сайын жүздеген ғалымдарымыздың ғылыми еңбектері, монографиялары, оқулықтары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көреді. Соңғы жылдары ақпараттық цифрлық технологиялар саласындағы оқулықтарды молынан шығаруға мүдделілік танытып отырмыз. Өйткені білім алушылардың кітапқа, оқулыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету – жоғары оқу орындарының басты міндеті.

Атырауда өткен алқалы басқосуда Мемлекет басшысы кейбір құрылтай мүшелерінің Ұлттық кітап күнін белгілеу жөнінде айтылған ұсынысына тоқталды. Бұл да қоғам болып құптайтын қуатты жоба. Осы Ұлттық кітап күні аясында жас жеткіншектерді кітап оқуға жетелейтін баулуға мүмкіндік бар. Тіпті кітапты отбасы болып оқуға насихат жұмыстарын жүргізу керек, сонда қоғамның құлшынысы артады.

Кейбір баспагерлер, кітапханашылар, кітап саудасымен айналысатын кәсіпкерлер кітап жәрмеңкесін өздеріне ыңғайлы күнді белгілеп, өткізіп жүр. Осы орайда, ҚазҰУ баспагерлері Ұлттық кітап күні 3 қарашаға бекітілсе деген ұсынысын айтады. Өйткені 1920 жылы 3 қарашада Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің «Қазақ мемлекеттік баспасын құру туралы» декреті қабылданған.

### «КІСІЛІК КОДЕКСІ» КҮНДЕЛІКТІ ДАҒДЫМЫЗҒА АЙНАЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы: «Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды», – деді. Жазушылар одағының төрағасы, Ұлттық құрылтайдың мүшесі Мереке Құлкеновтің «Халқымыздың көрнекті тұлғалары бірін-бірі мойындап, өзара құрмет көрсете білсе, ұлтымыз ұйыса түседі» деген сөзіне толық қосыламын. «Өзіңді өзің жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін» дейді атамыз қазақ. Кей жағдайда адамдардың бір-біріне

деген бауырмалдық, жанашырлық қасиетінен гөрі, күншілдік, жеккөрушілік сезімі артып бара жатқаны байқалады. «Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін» үлкен кісілердің орынсыз жағасынан алу, керісінше, жасын алға тартып, кейінгі буынмен аңдысу көңілге кірбің ұялатады. Президент сөзімен айтқанда, «Өзара жанашыр болу – түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз». Елінің қамын ойлаған әрбір азамат кемел ойлап, кең пішеді. Жастарға өмірін елге арнаған азаматтарға сыйластық танытып, жан-жағына әдеп көрсетуді үйрену керек. Өкінішке қарай, кісіні сыртынан тілдеп, ар-намысын қорлап, сол әдепсіз қылықтарын дұрыс санайтын желі қолданушылары пайда болды. Салмақты саралтамалық дүниелерге қарағанда, түп негізі тексерілмеген, фактіге сүйенбеген хайп басым. Президент бұған да дер кезінде назар аударып, нақты көзқарасын білдірді. «Зиялы қауымның кейбір өкілдері, тіпті мемлекеттік қызметшілер де орынсыз байбалам салып, айналасын сынап-мінеуді әдетке айналдырды. Мұны доғару керек. Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылағанда байыпты болған жөн. Үнемі артқа қарайлап, өткен күнге өкпе арта беруге болмайды. Әлем қауымдастығында лайықты орнын иеленуді қалайтын ұлт өзін өзгелерден кем сезінуден және әлеуетін әлсірететін жалған түсініктерден арылып, болашаққа нық сеніммен қарауы керек».

Қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылау барысында кейде тәуелсіз БАҚ-тар мен телеграмм каналдарда кибербуллингке жол беріліп жатады. Ақпаратты тексермей, өз болжамымен жариялау, сол арқылы әлеуметтік желідегі агрессияны күшейту, қоғамда теріс пікір қалыптастыру – бұл сөз бостандығының көрінісі емес. Алысқа отырып тас ату, тұқырту мақсатындағы троллинг, сөзуарлық, өшпенділік, топтасып тапсырыспен шабуыл жасау, отқа май құя түсу әрекеттері белең алды. Тіпті балалар мен жасөспірімдерді қойып, бұл қыспаққа ересектер де ұшырай бастады. Бұл мәселені Біріккен Ұлттар Ұйымы назарға алып, кибербуллинг халықаралық деңгейде жалпы қорлаудың элементі ретінде танылып отыр. Әсіресе балалардың құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлініп, зорлық-зомбылықтың психологиялық және физикалық бір түрі ретінде тиісті шаралар қабылдай бастады.

Көптеген мемлекетте әлеуметтік желідегі әдепсіздік қылмыстық әрекет болып саналады және қылмыскерлерді жазалау үшін арнайы заң бар. Киберқорқытуды жүзеге асыру үшін пайдаланатын электрондық құрылғыларды, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды, әлеуметтік желілерді бұғаттап, пайдалануына уақытша немесе тұрақты шектеу қоюға кірісті. Алғаш рет Жаңа Зеландия интернеттегі зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікке тартып, түрмеге отырғыза бастады. АҚШ кибербуллингті зерттеу орталығының мәліметі бойынша, 50 штаттың 44-інде интернеттегі қудалау үшін қылмыстық жаза қарастырылады. Осы заңдардың орындалуын қадағалайтын құзырлы орындар да жұмыс істейді. Германияда киберқорқыту жеке немесе азаматтық құқық бұзушылық ретінде тіркеліп, 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Румынияның орта және жоғары оқу орындарында әлеуметтік желіні қолдану бағытында тәрбие жұмыстары тұрақты жүзеге асырылады.

Ресей заңгерлері Қылмыстық кодексke және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске өзгертулер енгізуді біраузыдан қолдады. Әлеуметтік желілерде жала жабу, тіл тигізу қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады және оны ішкі істер органдары тергейді.

Қазақстан үшін де әлеуметтік желілердегі жалған пікірлер, жазбалар, жарияланымдар үшін Қылмыстық кодекстің жеке бабын қарастыратын уақыт келді. Бұл қажеттілік әлеуметтік желілер мен мессенджерлерді бұғаттау мақсатын көздемейді, азаматтардың, жас балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Өйткені әлеуметтік желілердегі этиканы журналистер де, блогерлер де, қарапайым желі қолданушылары да жиі сақтамайды. Әлеуметтік желідегі этика заң жүзінде реттелмегендіктен, сөз бостандығының бұрмалануы шектен шығып, кісі өліміне әкелген жағдайларды да көріп, естіп жатамыз.

Халықаралық журналистер федерациясының журналистердің мінез-құлық қағидаттары декларациясында журналистің кәсіби заңбұзушылықтары ретінде «фактілерді әдейі бұрмалау, жала жабу, қорлау, негізсіз айыптау» факторлары көрсетілген. Оған қоса, материалды жариялау үшін кез келген нысанда пара алуға тыйым салынады. Осы декларацияға сүйене отырып, фактіні бұрмалап, тапсырыспен материал жазатын блогер-журналистердің әрекетіне де баға беретін уақыт келді. Президент өз сөзінде: «Мемлекет жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке және бейберекеттікке ешқашан жол бермейді. Мұны әрбір азамат жете түсінуге тиіс. Барша азамат, барлық жерде, соның ішінде әлеуметтік желіде де заңды мүлтіксіз сақтауы керек. Заңға қайшы келетін, қоғамға іріткі салатын және арандатушылық пиғылдағы кез келген әрекетке қатаң тыйым салынады», – деп қадап айтты.

Жаңару мен жаңғыру жолына түскен жаңа Қазақстан үшін ел болып еңсеріп, жұрт болып жұмыла атқарар шаруалар шаш етектен. Сондықтан әркім өз ісіне адал, әділ, жауапты болып, отбасына, бала-шағасына тәрбие беріп, өзгелерге құрмет көрсете білуі қажет. Ел ішінде гуманизмдік идеялар көптеп көрініс тауып, Абайдың кісілік кодексі күнделікті дағдымызға айналуы тиіс. Біз сонда ғана болашағы жарқын, қуатты мемлекетті бірге құруға қол жеткізе аламыз.

# Ұлттық құндылықтарға жіті назар аударылды

**Ұлттық құрылтайдағы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» тақырыбында сөйлеген сөзінде ұлттық құндылықтар, елдің жайы сөз болды. Мемлекет басшысы көтерген мәселелерге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлары да өз пікірін білдірген еді.**

## БЕС КЕСЕЛГЕ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮҒА ШАҚЫРДЫ



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде қоғамды жайлаған бес кеселмен, атап айтқанда: есірткі саудасы және нашақорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг және агрессия, вандализм, ысырапшылдықпен бүкіл ел болып күресіп, тосқауыл қоюға шақырды.

Сонымен қатар Президент ұлттың жаңа келбетін айқындайтын негізгі құндылықтарға жеке-жеке тоқталды. Олар – тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық. Мемлекет басшысының айтуынша, еліміздегі әрбір азамат осы басты құндылықтарды берік ұстануы керек. Президент ұсынған «Адал азамат» ұғымы мұны түгел қамтиды. Сонымен бірге бұл әділетті Қазақстан идеясымен үндесіп жатыр.

«Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам санасезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – адал еңбек – адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**Темірғали КӨПБАЙ,**
*журналистика факультетінің деканы*

## ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖАЙЫ АЙТЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында халықтың қордаланып қалған экономикалық, саяси, әлеуметтік проблемаларымен қатар, яғни халық бірлігі, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер т.б. жан-жақты ойланып, оған мән берді.

«Біз елдігіміздің негізін қалап, оны ұрпаққа табыстаған бабалар рухына тағзым етеміз. Алайда өткенімен ғана өмір сүретін жұрт өркениетті ел бола алмайды. Ұлт сапасын жақсартамыз десек, бір ел болып жаңа құндылықтар жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Құрылтай – ешқашан той тойлап, әңгіме-дүкен құратын жиын болған емес, келешекте де ондай болмайды», – деп оның маңызын нақты келтірді. Сонымен қатар елдің қордаланған мәселелерін жан-жақты талдап, халқымыздың ұлттық құндылықтары мен тәрбие мәселелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысы мұндай жиындарды аймақтарда өткізу туралы: «Шын мәнінде мұндай алқалы жиындарды аймақтарда өткізудің мән-маңызы зор. Сол арқылы облыстардың дамуына тың серпін береміз. Осы үрдіс алдағы уақытта да жал-



ғасын табады. Әйгілі Қасым хан Сарайшықта, Абылай хан Бурабайда ордасын тіккені белгілі. Есілдің бойында Кенесары хан мемлекеттігімізді сақтап қалу үшін талай жорыққа шыққан. Бұл аймақ төл шежіремізде айрықша орын алады. Сондықтан Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысын келесі жылы Көкшетауда өткізуді ұсынамын», – деп тарихи тұлғалардың рухына тағзым етіп, қазақы дүниетанымды бүкіл халқымызға өнегелі тәрбиенің көрінісі ретінде көрсетті.

**Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,**
*Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымының кандидаты*

## ҚҰРЫЛТАЙДА МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Ел Президенті құрылтай туралы: «Құрылтай шақыру – ертеден келе жатқан ата дәстүріміз екенін жақсы білесіздер. Бабаларымыз маңызды мәселелерді осындай алқалы жиында талқылаған. Халық өзара ақылдаса отырып бір тоқтамға келген. Мұндай шешімдер бүкіл елді біріктірген. Төл тарихымызда ұлт тағдырын шешкен құрылтайлар болған. Оның көбі халқымыз үшін маңызды кезеңде өткізілген. Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет болды. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары жұртымызды ел қорғауға ұйыстырды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында «Алаш» партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Егемендік кезеңінде Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткізілді. Бұл жиында сырттағы қандастарымыз атамекенге шақырылды. Ұлы көш тәуелсіз Қазақстанға бет алды», – деген ойлары көпшіліктің қолдауына ие болды.

Құрылтайда «Жалпыұлттық бірлікті нығайту», «Реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіру», «Жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру» т.б. маңызды өзекті мәселелер жанжақты түсіндіріліп талқыланды.

«Жаңа Қазақстан идеясын іске асырамыз десек, аянбай еңбек етуіміз керек. Шын мәнінде елді еңбекқорлық қана көркейтеді. Табысқа жетудің ең басты кілті – еңбек», – деп, қазіргі жастардың бойында ұлттық рухани құндылықтарымызды насихаттау, дәріптеу керектігіне ерекше тоқталды.

Маңдай термен тапқан әр тиын – нағыз ардың ісі, Абай айтқан «толық адамның» еңбегі екенін жастардың санасына тоқуымыз қажет» деген ақынның ғибратқа толы телегейтеңіз шығармашылық мұрасын заман талабына сәйкес жаңаша дәріптеу бүгінгі күннің басты міндет-мақсаты деп білеміз.

**Болатхан САРБАСОВ,**
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор м.а., филология ғылымының кандидаты*

**«Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» дегендей, 1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына (қазіргі НАРХОЗ университеті) оқуға түскен бізге өзінің бітімімен, жүріс-тұрысымен үлгі болып, ерекше есте қалғандардың бірі әрі бірегейі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды 1961 жылы бітірген белгілі ғалым, экономика ғылымының докторы, академик Өтеғали Шеденов еді. Ол кезде Алматы халық шаруашылығы институтында атынан ат үркетіндей, әсіресе, қазақ ұлтынан шыққан экономика ғылымының докторлары мен кандидаттарының қатары қадау-қадау болатын. Сол кездегі орда бұзар отыздың ішіндегі жас толқын ғылым кандидаттарының ішінде Өтеғали Қадырғалиұлы да бар-тын. Институтта еңбек етіп жүргенін сырттай жиі көретінбіз. Бізге сабақ бермесе де, Политэкономия кафедрасының доценті, экономика ғылымының кандидаты екенін сұрап-естіп білдік.**



# Ғалым әулетінің ғибраты

Оқу жылының екінші семестрінде «Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп» мамандығында оқитын біздің топқа политэкономия пәнінен жоспарланған курстық жұмыстың жетекшісі болып келді. Курстық жұмысты жазу тәртібін бізді іштарта, қазақша акцентпен, арасына қазақша қосып түсіндіріп берді. Бұл топта мамандықтың аты айтып тұрғандай, орыс тіліне шорқақ ауылдан келген жастар оқитын. Топпен қоштасып шығып бара жатып, маған қалай көзі түскенін қайдам, «Сен осы топқа жауаптысың, менімен хабарласып тұрасың» деді. Сөз саптауына қарағанда, бұл кісі де біз сияқты тілге шорқақ ауылда өскен-ау, Абай хакім айтқандай: «...Айтпа ғылым сүйсеңіз, ондай болмақ қайда деп» дегендей, тілге шорқақтық білім алуға, оны дамытуға кедергі емес екеніне көз жеткізгендей ой түйдік. Институтта кездесіп қалғанда қол алысып амандасып, «Қалай, бала?» деп сұрап қоятын. Содан бұл кісінің Гурьев (қазіргі Атырау) облысынан екенін білдік. Міне, Өтеғали ағамызға деген қызығушылық осылай оянған еді. Мен оқу бітіргеннен кейін екі жыл өндірісте жұмыс істеп, институтқа алғашқыда кіші ғылыми қызметкерлікке, 1979 жылдың басынан Бухгалтерлік есеп кафедрасына ассистенттік қызметке қабылдандым. Осылай Политэкономия кафедрасының белді доценті, докторлық диссертациясын 39 жасында қорғаған ең жас ғалым Өтеғали Қадырғалиұлымен әріптес болып қатар жұмыс істедік.

«Алтын көздік қап түбінде жатпайды» дегендей, жаңа қырынан көрінген Өтеғали Шеденов Қазақ ССР Ғылым академиясының өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі ғылыми кеңестің (СОПС) төрағасының бірінші орынбасары әрі әлеуметтік-экономикалық бөлімнің меңгерушісі қызметін атқара жүріп, оның жетекшілігімен және тікелей араласуымен Арал, Каспий жағасы, Балқаш өңірін экономикалық жағынан дамытудың өзекті мәселелерін қамтыған Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыру мен оны дамытудың түйінді проблемаларын шешу жолдарын ойлап тауып, Қазақ ССР-ының 1986-2008 және 2010 жылдарға дейінгі ғылыми-техникалық прогресін дамытудың кешенді бағдарламасын жасап, экономика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқанын БАҚ жарыса жазып жатты. Бағдарламада көтерілген мәселе бүгінгі күні де өзінің өзектілігімен дараланып тұрғанын айта кеткіміз келеді.

Құрманғазы ауданының қасіретті сынақ алаңына айналған Азғыр поселкесінен он бес шақырымдай жерде орналасқан «Алғабас» колхозының Ошаған ауылында балықшы Қадырғали мен ауыл мектебінің мұғалімі Рысханымның шаңырағында (8 наурыз 1939 ж.) дүниеге келіпті. Балықшылар кооперативінде орыс ұлтының ортасында бригадир болып жүріп, «баламды қазақша оқытып, адам санатына қоссам» деп армандаған әкесі 1942 жылдың басында соғысқа аттанып, Сталинград майданында соғысқа кіріп, сүйегі Мамай қорғанының маңайында мәңгілік тұрақ тауыпты. Сталинград майданының артқы шебінен екі жүз шақырымдай жердегі Азғырдан тылдағы ел иек астындағы майдан шебіне байпақ, тон, қолғап секілді жылы киімдер, азық-түлік жеткізіп беріп тұрған. Майданға бет алған керуенге тұтқиылдан жау ұшақтары бомба жаудырған сондай күндердің бірінде жақыннан ұшқан бомба жарықшағы шешесінің бір аяғын жұлып кетеді. Арада бір-екі ай өткенде,1943 жылы төрт жастағы Өтеғалиды тұлдыр жетім қалдырып, шешесі де бақи дүниеге озыпты.

37 жасында зайыбы о дүниелік болып, үш қыз, бір ұлмен қалған абзал атасы Тоғжан жиенін бауырына басып, бағып-қағып, жігіт қылып өсіріп, Шеденов деп әкесінің тегінде қалдырыпты. Он үш жасында аттан құлап, бір аяғы сынып өспей қалған, ісмер, тұрмыс құрмаған шешесінің сіңлісі Жұмаш апасы шеше орнына шеше болады.

1956 жылы С.М.Киров атындағы Азғыр орта мектебін өте жақсы бітіріп, қамкөңіл жетім баланың жолы болып С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. 1961 жылы университетті үздік бітірген Өтекең сол жылы Қазақ университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен Мәскеудің М.В.Плеханов атындағы Халық шаруашылығы институтының мақсатты аспирантурасына жіберілді. Жас ғалым ондағы сынақтан да сүрінбей өтті. Ғылыми жетекшісі, профессор А.С.Иткина болашақ ғалымның алғырлығы мен ізденімпаздығына риза болып, оны қанаттандырып отырды.

1956 жылы 1 қыркүйекте оқуға түскен бірінші курс студенттерін Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Қыр Балтабайға ауыл шаруашылығы жұмысына апарған жетекшілердің бірі, еліміздің білімі мен ғылымының дамуына орасан зор үлес қосқан экономика ғылымының докторы, академик Якия Әубәкірұлы Өтеғали Қадырғалиұлының білім мен ғылымының өсу жолын, кемелденгенін көзімен көріп, куә болған. Шәкіртінің ұстаздық, ғалымдық қалыптасу қырына сүйсініп, ризашылықпен: «Өтеғали Шеденовтің ғылыми ой-өрісінің шарықтап, кемелдене түсуі әсіресе докторлық диссертациясын әзірлеу барысында қалыптасты. Оның қамтыған тақырыбы сол кезеңнің көкейкесті мәселесі – халыққа қызмет көрсету аясының алыбы – өндіріс саласы болатын. Осы көкейкесті мәселе төңірегінде оның бірнеше монографиялық еңбектері мен кітаптары жарық көріп, ғылыми мақалалар жазды», – деген болатын.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, алғаш сабақ беріп, ғылымға баулып, көзін ашқан, есімін аузынан тастамай, құрметпен айтып келе жатқан белгілі экономист ғалым-профессорлар И.М.Бровер, С.А.Нейштадт, И.КЛукьянец, А.Г.Гроховодский, М.М.Разманов, М.Е.Бутин, Т.Ш.Шаукенбаев, Г.И.Кастенко, факультет деканы, қазақша мақалдап сөйлейтін Ф.А.Жеребьятев сынды оқымыстылар Өтекеңнің білімге құштарлығы мен ғылыми көзқарасының қалыптасуына игі әсерін тигізді. Студент кезінің өзінде-ақ ұлтымыздың мақтаныштары, айтулы дарабоздары, академиктер М.Әуезов, Т.Дарханбаев, С.Мұқанов, С.Бәйішев, батырлар М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы сынды ғылым мен әдебиет, өнер және басқа салалардың алыптары қатысқан алқалы кездесулерден қалмай, студенттердің ғылыми үйірмелері мен әр тақырыпта өткен ғылыми конференцияларына, диспуттарға қатысуы оның ғылыми дүниетанымының кеңейе түсіп, елімізге белгілі ұстаз-ғалым болып қалыптасуына мұрындық болды.

Профессор Ө.Шеденов – өзіндік ғылыми мектебі қалыптасқан ғалым. 85 жастың асқарына шыққанға дейін 40-тан астам аспирант пен ізденушілер, PhD бағдарламасы түлектері кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Оның ішінде алты экономика ғылымының докторы мен профессорларын да дайындап шығарды.

Ғылым мен ұстаздық қызметінің жалпы еңбек өтілі – 62 жыл. Макро және микроэкономикалық теория, экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздік саласын басқару, адам ресурстарын басқару, қызмет көрсету және қоғамның инфрақұрылымы, аймақтық экономика, маркетинг және логистика мәселелерімен айналысып, 500-ден астам ғылыми-танымдық, әдістемелік жұмыстары жарық көрген. Сонымен қатар 70-тен аса монография, кітап, оқулықтар, оқу құралдарының авторы (өз бетінше және авторлық бірлестікте).

Өтекеңнің өзіндік тағы бір қыры – ол Қазақстан (КСРО-ның да) журналистер одағының мүшесі, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Атырау облысы Құрманғазы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ғылым мен мамандандырылған стратегиялар мемлекеттік стипендиясының иегері, «Құрмет» орденімен, басқа да мемлекеттік және көптеген қоғамдық медальдармен, алғыс хаттармен марапатталған.

Ө.Шеденовтің ғылыми ұйымдастыру жұмысының қорытындысы барша ғалымның алдында лайықты бағасын алып, әр жылдары Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі (академигі), ҚР Әлеуметтік ғылымдар және халықаралық экономикалық Еуразия, Ресей жаратылыстану академияларының академигі болып сайланды және ҚР Ұлттық ғылым академиясының профессоры.

Сонымен қатар Ө.Шеденов Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, А.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің және Т.Рысқұлов атындағы (қазіргі НАРХОЗ) университетінің құрметті профессоры.

Қазіргі таңда Алматы қаласы Бостандық ауданының Ардагерлер ұйымының президиум мүшесі, сондай-ақ ҚазҰУ ардагерлер ұйымы кеңесінің жетекшісі әрі абыз ақсақалы.

Өтеғали Қадырғалиұлының осындай жетістіктерге жетіп, оза шауып биіктен көрінуіне нағыз кемелденген 70 жасында өмірден озған, ғалымдық еңбектері жоғары бағаланып, ядролық реакцияны зерттеу әдістері жөнінде бір топ ғалыммен бірлесе жүргізген зерттеу жұмыстары үшін 1972 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған, қазақ қыздарының ішіндегі тұңғыш ғалым, ұлтымыздың мақтанышы, Құдай қосқан қосағы, екі баласының анасы Ахметова Бэла Ғабдолғалиқызының қолдау-қамқорлығынсыз, журналист Гүлзат Нұрмолдақызы жазғандай: «...бәлкім, мұндай дәрежеге бұйырар ма еді, бұйырмас па еді». Алдымен Өтекеңді алға оздырып, аялап, баптап, ҚазҰУ-дың физика факультетінде оқытушылық қызметін ассистенттіктен бастап, профессор, академик дәрежесіне дейін көтерілген Бэла Ғабдолғалиқызы қазақтың, ұлт аналарының болмысы.

Өтеғали Қадырғалиұлының отбасын ғалымдар жанұясы деуге болады. Өйткені ұлы Іляс та әке жолын қуған ғалым, экономика ғылымының кандидаты, менеджер. Қызы Назым да социолог-экономист, Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты, социология ғылымының докторы, профессор. Немерелерінің (Шадияр, Мәлика, Дәмелі) анасы, келіні Сәуле де халықтың әдет-ғұрып саласын зерттеуге үлес қосып жүрген көрнекті ғалым, тарих ғылымының кандидаты, доцент.

Жасында бейнетті бір кісідей көріп өскен, бір шаңырақтан бірнеше ғалым түлеп ұшқан, енді сол бейнеттің зейнетін көріп отырған, экономика ғылымының докторы, академик, ұлағатты ұстаз Өтекеңнің ғұмыры кімге де болса үлгі-өнеге. Бұл Өтеғали Қадырғалиұлының ғұмырнамалық білім, ғылым саласындағы сіңірген еңбегінің, атқарған қызметінің қыр-сырының бір парасы ғана.

**Мәди БАЙДӘУЛЕТОВ,**
*Қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымының кандидаты*

WWW.FARABI.UNIVERSITY №11 (1924) 26.03.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Еңбектерін қазақша жазған жапон оқытушысы

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультетінде дәріс беретін шетелдік оқытушылар арасында қазақ тілін меңгерген ұстаздар аз емес. Жалпы, Қазақстанға келген шетелдік азаматтардың ішінде қазақ тілін үйреніп, жергілікті халықпен өз тілінде тілдесуге тырысатындары бар. Олардың басым бөлігі, әсіресе тіл мамандары, қазақ тілін зерттеуді мақсат етеді.**



Солардың қатарында жапон тілінен сабақ беретін оқытушы Такаши Ниномия мырза да бар. Жапонияның Цукуба университетінен келген Ниномия Такаши Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2014 жылдың мамыр айынан бастап шығыстану факультетінде жапон тілінен сабақ бере бастады. Такаши Ниномияның мамандығы – араб және семит тілдеріне бағытталған лингвистика. Докторантурада «Омандағы Джиббари» деп аталатын семит тілінің фонетикасын және «Эфиопиядағы Хадия» деп аталатын кушит тілінің лексикасы мен грамматикасын зерттеген.

